

1997 жылғы 1 сәуірден бастап 2000 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде зейнеткерлікке шыққан (оның ішінде өзінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығу құқығын тіркеген) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлік төлемдер көлемін қайта есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 140 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 14 шілдеде N 1196 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2006 жылғы 30 желтоқсандағы N 606 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2006.12.30 N 606 Бұйрығымен.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерінің зейнеткерлік төлемдерін есептеу үшін алынатын ақшалай үлестің құрамына жылына төрт орташа айлық жалақы есебінен төленетін сыйақыны қосу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Президиумының N 4 пг-347-99 шешімі, сондай-ақ зейнеткерлік төлемдерді есептеу үшін ақшалай үлес құрамына аудандық коэффициентті қосу туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 1999 жылғы 26 мамырдағы N 28-12-1251-99 мен 1999 жылғы 2 шілдедегі N 8-1-99 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1999 жылғы N 05-1/4312 түсіндірмелері негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 1 сәуірден бастап 2000 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде зейнеткерлікке шыққан (оның ішінде өзінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығу құқығын тіркеген) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлік төлемдер көлемін қайта есептеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. ҚАЖД-ның төрағасы, министрлік аппараты Департаменттерінің, дербес басқармаларының, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу орындарының, Астана қаласы ІІБ-нің, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-нің, КІІБ-нің, Қазақстан Республикасы ІӨҚББ-нің бастықтары ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне

Ескерту: 2-тарау жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 4 наурыздағы N 140 бұйрығымен .

1. Қайта есептеуге жататындар:

1) Қазақстан Республикасының "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басқарушы және қатардағы құрамы мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы Заңының шарты бойынша 1997 жылғы 1 сәуірден 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты ;

2) Өздерінің зейнеткерлікке шығу құқыларын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркетіп қойған ішкі істер органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілердің зейнетақы сомасы, бұл сома қызметінен шыққан уақытынан бастап төленеді;

3) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" кейін өзгертілуі және толықтырылуы ықтимал 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-І Заңының шарттары бойынша әскери қызметшілеріне және ішкі істер органдары қызметкерлеріне 1998 жылғы 1 қаңтардан 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар.

2. Әскери қызметшілердің және ішкі істер органдары қызметкерлерінің 1997 жылғы 1 сәуірден 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі аралықта қызметтен шыққан, сондай-ақ өзінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шығу құқығын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркетіп қойған әскери қызметшілерді және ішкі істер қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету үшін ескерілетін ақшалай үлес мөлшері қызметтен шыққан күнге белгіленеді (жеке құрамның тізімінен алынған) және мыналармен жинақталады:

лауазымы бойынша еңбекақы;
әскери (арнайы) атағы бойынша (қосымша) еңбекақы;
еңбек сіңірген жылдарына үстемақы;
ерекше жағдайда қызмет атқарғаны үшін;
кластылығы үшін үстемақы;
азық-түлік паегі орнындағы ақшалай үстемақы.

Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 347, 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 104, 1998 жылғы 29 ақпандағы N 102, 1999 жылғы 10 маусымдағы N 303 бұйрықтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 наурыздағы N 419 қаулысымен бекітілген тізбеде көрсетілген сыйақыдан басқа атап айтқанда мерекелік күндерге, туған күндерге байланысты, ұзақ жылдық қалтқысыз еңбегі, қоғамдық жұмысы үшін бір мәрте еңбекақы қорынан (ортақ еңбекақы төлеу қорынан), сондай-ақ жарыстардағы, байқаулардағы,

конкурстардағы жүлделі орындары үшін берілетін ақшалай наградалар, т.с.с. Мысалы: Ақмола облыстық ПБ жанындағы ҚАЖБ-ның ЕЦ-166/15 түзеу мекемесі бастығының кезекші көмекшісі ішкі қызмет майоры П.Н.Ивановтың ішкі істер органдарынан шыққан сәттегі зейнетақы тағайындау үшін күнтізбемен есептегенде еңбек сіңірген жылдары 22 жыл 2 ай 18 күнді құрады, жеңілдік есебімен алғанда 22-07-02, ауыл шаруашылығы саласындағы 00-00-00 еңбек сіңірген жылдарына процентті үстемақыны есептеу үшін есепке алынған еңбек сіңірген жылдары - 19 жыл 02 ай 00 күн.

Зейнетақы 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1910-X11, ҚРЗ-на сәйкес төмендегі ақшалай үлестерден 56% есебімен тағайындалды:

лауазымы бойынша еңбекақы	2600 теңге;
әскери (арнайы) атағы бойынша (қосымша) еңбекақы	2020 теңге;
еңбек сіңірген жылдарына тиісті үстемақы 40%	1848 теңге;
ерекше жағдайда қызмет атқарғаны үшін 15%	390 теңге;
азық-түлік паегі орнындағы ақшалай үстемақы	2024 теңге;
Жиыны:	8882 теңге;
56%	4973,92
аудандық коэффициент	1,15
аудандық коэффициентті ескере отырып мына сомада төленетін зейнетақы тағайындалды	5720-01
	$4973,92 + (4973,92 * 15) / 100$

Тағайындалған зейнетақыны қайта есептеу соңғы қызмет атқарған жердегі қаржы бөлімдерінің ПББ-ПБ-нің зейнетақы тағайындау бөліміне ұсынған белгіленген формадағы сыйақы төленгені жөніндегі анықтама бойынша (қоса беріліп отыр) жүргізіледі. Орташа айлық сыйақының мөлшері зейнетақыны есептеп шығару үшін ақшалай үйлестіргендігі П.Н.Ивановтың зейнеткерлік демалысқа шығар алдындағы 12 айдағы алған сыйақы сомасын 12-ге бөлу арқылы белгіленеді. Бұл мысалда В.П.Ивановтың зейнеткерлік демалысқа шығар алдындағы 12 айда алған сыйақысы мынаны құрайды:

мамыр 1996 ж. - 2148 теңге;	қараша 1996 ж. - 2148 теңге;
маусым 1996 ж. - 2148 теңге;	желтоқсан 1996 ж. - 2148 теңге;
шілде 1996 ж. - 2148 теңге;	қаңтар 1997 ж. - 2148 теңге;
тамыз 1996 ж. - 2148 теңге;	ақпан 1997 ж. - 2148 теңге;
қыркүйек 1996 ж. - 2148 теңге;	наурыз 1997 ж. - 0 теңге;
қазан 1996 ж. - 2148 теңге;	сәуір 1997 ж. - 2148 теңге.

Орташа сыйақы мөлшері 1969 теңгені құрайды.
 $(2148+2148+2148+2148+2148+2148+2148+2148+2148+2148+0+2148):12=1969$ тг
 Сыйақыны ескере отырып төленетін зейнетақыны есептеп шығару үшін ақшалай

үлес	мөлшері	мынаны	құрайды:
	лауазымы бойынша еңбекақы		2600 теңге;
	әскери атағы бойынша (қосымша) еңбекақы		2020 теңге;
	еңбек сіңірген жылдарында үстемақы 40%		1848 теңге;
	ерекше жағдайда қызмет атқарғаны үшін үстемақы 15%		390 теңге;
	сыйақы		1969 теңге;
	азық-түлік паегі орнындағы ақшалай үстемақы		2024 теңге;
	Жиыны:		10851 теңге;
	56%		6076-56 теңге;

Аудандық коэффициентті есепке ала отырып қайта есептелген зейнетақының құрайтыны: $6076,56 + (6076,56 \times 15) / 100$ 6988-04

Бұрынғы тағайындалған зейнетақыға қажетті қосымша төлемақы сомасын шығару үшін және Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің 1999 жылғы 11 мамырдағы N 243 жарияланған бұйрығымен қолданыстағы бірлескен нұсқауға сәйкес алдағы төлемді жүргізу МЗТО-ның бөлімшелеріне материалдар тапсыру үшін 2000 жылғы 1 қаңтардағы бұрынғы тағайындалған зейнетақымен 1997 жылдың III және IV тоқсанындағы индексацияны ескеріп қайта есептелген айырмашылығын айырып шығару керек.

Осы мысалда көрсетілген бұрынғы тағайындалған және индексацияны ескеріп төленген зейнетақы сомасы 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін - 197386 теңгені құрады, ал осы кезеңдегі индексацияны ескере отырып қайта есептелген зейнетақы сомасы - 241143 теңге, яғни, қосымша төлем - 43757 теңгені құрамақ, 2000 жылдың 2 қаңтарына зейнетақының жаңа құралатын мөлшері 7668 теңге 09 т и ы н .

	Болғаны	қазіргі кезде
97 ж. 08.05 - дан	5720 - 01	24 күнде 6988 - 04
97 ж. 01.07 - ден	5922 - 50	7235 - 42
97 ж. 01.10 - нан	6276 - 67	7668 - 09

Осыған ұқсас қайта есептеулер жоғарыда көрсетілген кезеңде мүгедектігі бойынша зейнетақы тағайындалғанда және отбасы асыраушысынан айрылуына байланысты, сондай-ақ өзінің еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алу құқығын тіркетіп қойған, және лауазымын қалдырып кетуі бойынша зейнеткерлік демалысқа шыққан адамдар үшін де жүргізіледі, қайта есептеу тіркеу кезінде индексацияны есепке алмай жүргізіледі.

Ескере кететін жай, аудандық коэффициент тағайындаған зейнетақының сомасына өндірісі жоқ саладағы жұмыскерлер мен қызметкерлердің еңбекақысына осындай коэффициенттер қойылған аудандарда ғана қосылып есептеледі.

3. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы ҚРЗ-на сәйкес ішкі әскерлер әскери қызметшілері, ішкі істер органдары қызметкерлеріне 1998 жылғы 01-қаңтар мен 2000 жылғы 01-қаңтар аралығындағы еңбек сіңірген жылдарына (сыйақы мен аудандық коэффициентті ескергенде) тағайындалған зейнетақы төлемін қайта есептеу

1. 1998 жылғы 1 қаңтар мен 2000 жылғы 1 қаңтар аралығындағы зейнеткерлік демалысқа шыққан әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары қызметкерлеріне (2000 жылғы қаңтардан кейін, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қаңтардағы N 482-1-Заңына сәйкес еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемін есептеп шығаруда есепке алынған сыйақы ақшалай үлеске қосылмайды) еңбек сіңірген жылдарына тағайындалған зейнетақыны қайта есептеу кезінде де әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы аудандық коэффициенттер, құрғақшылық жердегі коэффициенттер, сусыз және таулы мекендердегі қызметке сыйақы төлемін есептеп шығару үшін ақшалай үлеске қосу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жоғарыда аталған шешімін, ҚР Бас Прокуратурасының 1999 жылғы 26 мамырдағы N 28-12-1251-99 және 1999 жылғы 22 шілдедегі N 8-1-99 түсіндірмесін және Астана қаласының Алматы қалалық сотының 1999 жылғы 22 қыркүйектегі шешімін жетекшілікке алу қажет

М ы с а л ғ а :

ҚР Ішкіісмині Департаменті бөлімінің бастығы полиция подполковнигі П.Н.Оспановта ішкі істер органынан шыққан кездегі (01.11.1998) күнтізбемен есептегендегі еңбек сіңірген жылдары 18 жыл 05 ай 20 күн, жеңілдетумен есептегенде 00-00-00, ауылшаруашылығы саласындағы жұмысына 09-01-05.

Зейнетақы 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-1 ҚРЗ-а сәйкес 62% есебімен мына ақшалай үлестен тағайындалды:

Лауазымы бойынша еңбекақы (1)	6500 теңге
Арнайы атағы бойынша қосымша ақы (2)	2100 теңге
Еңбек сіңірген жылдарына үстемеақы 40% (3)	3440 теңге
Кластығы үшін үстемеақы 10 % (4)	650 теңге
Жедел жұмыстар үшін үстемеақы % (5)	--- теңге
Аудандық коэффициент 15% (6)	--- теңге
С ы й а қ ы (7)	--- теңге
Азық-түлік паегі орнына ақшалай өтемақы (8)	2024 теңге
Ж и ы н ы :	14714 теңге
62%	9122-68 теңге

тағайындалған төленетін зейнетақы 9122-68 теңге.

Осы мысалда көрсетілген П.Н.Оспановтың қызметінен шығар алдындағы 12

айдың	сыйақысы	мынаны	құрайды:
1998 жыл			1999 жыл
қараша 4000 теңге		қаңтар	4000 теңге
желтоқсан 5332 теңге		ақпан	4000 теңге
		наурыз	6000 теңге
		сәуір	0
		мамыр	4000 теңге
		маусым	5332 теңге
		шілде	4000 теңге
		тамыз	6000 теңге
		қыркүйек	5332 теңге
		қазан	4000 теңге.

Сыйақының орташа айлық мөлшері 4333 теңгені құрады
 $/4000+5332+4000+6000+0+4000+5332+4000+6000+5332+4000/12/$

Сыйақы және аудандық коэффициентті ескергенде төленетін зейнетақыны есептеп шығаратын ақшалай үлес мынаны құрайды:

Лауазымы бойынша еңбекақы (1)	6500 теңге
Арнайы атағы бойынша қосымша төлем (2)	2100 теңге
Еңбек сіңірген жылдарына 40% (3) $(1+2)*0,4$	3440 теңге
Кластылығына 10 (4) $/1*0,01/$	650 теңге
Жедел жұмыстар үшін % (5)	0 теңге
Аудандық коэффициент 15% (6) $/1+2/*0,15$	1290 теңге
Сыйақы (7)	4333 теңге
Азық-түлік паегі орнына (8)	2024 теңге
Жиыны:	20337 теңге

Қайта есептелген зейнетақы 12608-94 теңгені құрайды
 $(20337 * 62\% / 100)$

Бұрынғы тағайындалған зейнетақыға қосымша төленетін соманы есептеп шығаруға және Республикамыздың Ішкіісминінің жарияланған 1999 жылғы 11 мамырдағы N 243 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы нұсқаулыққа сәйкес зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтың аймақтық бөлімшелеріне материалдар беру үшін 2000 жылғы 01 қаңтардағы бұрынғы кездегі тағайындалған зейнетақы мен жаңадан қайта есептелген зейнетақының айырмашылығын шығару керек.

Осы мысалда көрсетілген бұрынғы тағайындалып төленген зейнетақы сомасы 2000 жылдың 01-қаңтарында 127717 теңгені құрады, ал осы уақыт аралығындағы қайта есептелген зейнетақының сомасы 176525 теңге, яғни қосымша төлемақы -

4 8 8 0 8

т е ң г е н і

қ ұ р а й д ы .

2000 жылғы 01 қаңтардағы жаңа зейнетақы мөлшері 12608-94 теңгені (бұрын - 9122-68) құрады. Қызметшілер мен қызметкерлердің еңбекақыларына аудандық коэффициенттер айқындалған аудандарда зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде, аудандық коэффициенттік төлемнен (лауазымы бойынша еңбекақы және әскери (арнайы) атағы үшін қосымша төлемақы мен ақшалай үлес ескеріледі.

Коэффициенттер алғаш рет айқындалған аудандарда немесе олардың мөлшері көбейтілсе (ұлғайтылып) бекітілген коэффициентті қолдана отырып зейнетақы есептеліп шығарылған ақшалай үлесінің тиесі қайта есептеледі. Республиканың басқа аймақтарынан аудандарға тұрғылықты тұруға келген ішкі істер органдарының зейнеткерлеріне аудандық коэффициенттер айқындалмаған болса немесе аз мөлшерде бекітілсе, зейнеткерлік төлемақыны есептеп шығару үшін ақшалай үлестің тиесі сол айқындалған ауданның аудандық коэффициентін пайдалану арқылы қайта есептеледі.

Келтірілген қайта есептеу мысалдары келісім-шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің зейнеткерлерге қызмет көрсетуінде қабылданылған Қазақстан Республикасының салық полициясы қызметкерлеріне де қатысты.

2. Ескерілетін мәселе Ішкі әскерлер қызметшілері (ІӘҚББ қызметшілерінен басқа) көрсетілген кезеңде бір жылдағы төрт орташа айлық еңбекақы есебінен шығатын сыйақы алмай келгендігі ескеріледі. Оларға жоғары әскери ұрысқа дайындығы мен жеке басының тәртіптегі үшін төленіп келген бір мәрте берілетін ақшалай сый еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы есебіне алынбайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с м и н і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с м и н і

К а д р ж әне т ә р б и е ж ұ м ы с т а р ы

д е п а р т а м е н т і

Қ а р ж ы м е н қ а м т а м а с ы з е т у

д е п а р т а м е н т і

Н ұ с қ а у л ы қ қ а

№ 1 қосымша

_____ жылғы _____ " _____ " бастап
_____ жылғы _____ " _____ " дейінгі алынған сыйақы туралы

Анықтама

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қызмет орны, лауазымы)

А й л а р

С о м а с ы

Қ а ң т а р
А қ п а н
Н а у р ы з
С ә у і р
М а м ы р
М а у с ы м
Ш і л д е
Т а м ы з
Қ ы р к ү й е к
Қ а з а н
Қ а р а ш а
Ж е л т о қ с а н

Жиыны: _____ теңге

Орташа айлық сыйақы мөлшері: _____ теңге

М.О. *Бастық* _____

Бас бухгалтер _____

_____ жылғы _____ " _____ "